

12. Педагогикалық энциклопедиялық сөздік / Ш.ред. ВМ Вим-Вад. – Мәскеу: Ұлы Орыс энциклопедиясы, 2002. – 528 б.

13. Захарова И.Г. Білім берудегі ақпараттық технологиялар. Оқу құралы / Захарова И.Г. - М.: Академия, 2010. -192 б.

References:

1. Qazaqstan Respyblikasynyń Prezidenti N.Nazarbaevtyń Qazaqstan halqyna J2017 jylgy 31 qańtar
2. Qazaqstandyq bilim berýdiń zamanaýı modeli [Elektrondyq resýrs]. – Qol jetkizý rejimi: [https:// ppt4web.ru/pedagogika/sovremennaja-model-kazakhstanskogo-obrazovaniya.html](https://ppt4web.ru/pedagogika/sovremennaja-model-kazakhstanskogo-obrazovaniya.html)
3. Tsifrlyq kásiptik bilim berý men oqytýdyń pedagogikalıq tujyrymdamasy // Ǵylymı red. V.I.Blinova / RF Prezidenti janyndaǵy Resei halıq sharıyashylyǵy jáne memlekettik basqarıy akademiıasy / Kásipti bilim berý jáne biliktilik júıeleriniń ǵylymı-zertteı ortalyǵy. - Máskeı, 2020. 14-bet.
4. Yliams R., Makli K. Kompıýter v shkole // Novoe literatıyrnoe obozrenie –2007. -№86. - 79-82
5. Titova S.V. Tsifrovye tehnologu v iazykovom obıchenu: teoriya ı praktika. Moskva: Edıtıys, 2017. - 247 s.
6. Konyshcheva A.V. Angluskı iazyk. Sovremennye metody obıchenıya – Minsk: Tetra Sıstems, 2007. - 352
7. Daıymov N.G. Bilim berýdi aqparattandyryy sharttarymen oqıshylardıń zertteı qyzmetin damıtıy // ped.ǵyl.diss.kand. – Almaty, 2003.-35 b.
8. Halıkova K. Stýdentterdi jańa bilim berý baǵdarlamalary negizinde elektrondy oqılyqtar daıyndaıǵa úretıy // Halyqaralyq konferentsıa Dástúr jáne reforma. II basylım. Social of Europe (7–8 qarasha 2013 j., Bıharest, Rıymnıua) [Elektrondy resýrs]. – Kirıy rejimi: [https://apps.webofknowledge.com/Search.do? product= WOS&SID= F4XTI7u3LtzDbfPQLGj&search_mode=GeneralSearch&prID=030b0416-756e-45c4-809b36d](https://apps.webofknowledge.com/Search.do?product=WOS&SID=F4XTI7u3LtzDbfPQLGj&search_mode=GeneralSearch&prID=030b0416-756e-45c4-809b36d)
9. Tıychınsku G.L. Bilim berýdiń tsifrlyq transformatsıasy: joǵary bilimge qoıylatyn mindetter. Filosofıalyq ǵylymdar. 2017; (6): 121–136 bet.
10. Jarkenov A.Q. Tsifrlıandyryy bilim berý mazmunyn jańartıy sharty retinde // Bilim berýdiń filosofıalyq-ádistemelik máseleleri. - № 3 (21). 2018.
11. Qazaqstan – 2019 VNR esebi – Turaqty damıy [Elektrondyq resýrs]. – Qol jetkizıy rejimi:
12. Pedagogikalıq entsiklopedıalyq sózdik/Sh.red.VM Bim-Bad.–Máskeı: Uly Orys entsiklopedıasy, 2002. 528 b.
13. Zaharova I.G. Bilim berıydegi aqparattyq tehnologıualar. Oqıy quraly/Zaharova I.G. - M..Akademıa, 2010. - 192 b.

МРНТИ 14.35.00

<https://doi.org/10.51889/2959-5762.2024.82.2.018>

Ж.Б. Карашева,^{1*} М.Д. Дарибаева,² С.С. Кожгельдиева²

¹Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы қ., Қазақстан

²Орталық Азия Цифрлық университеті,
Шымкент қ., Қазақстан

БОЛАШАҚ МАМАНДАРДЫ БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ КОММУНИКАТИВТІК DAǒDYЛАРЫН ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР НЕГІЗІНДЕ ҚАЛЫПТАСТЫРУҒА ДАЯРЛАУ

Аңдатпа

Аталған мақала болашақ мамандарды бастауыш сынып оқушыларының коммуникативтік дағдыларын цифрлық технологиялар негізінде қалыптастыруға даярлау мәселесін баяндайды. Цифрлық технологиялар бастауыш сынып оқушыларының коммуникативтік дағдысын дамытуда жаңа тәсілдерді меңгеруді қажет етеді. Атап айтқанда, мемлекетіміздің білім беру ұйымдарының электронды ресурстарға қолжетімділігінің артуымен байланысты. Білім алуда цифрлық технологияларды пайдалану білім қорларынан оқу материалдарын белсенді, саралап меңгеруде коммуникативтік дағдыларын дамытуға негіз болады.

Зерделенген теориялық талдауларда инновациялық технологиялардың ішіндегі бірегейі – Цифрлық технологиялар екендігі сипатталған. Аталған технология бастауыш сынып оқушыларының коммуникативтік дағдысын дамытуда әлемдік білім кеңістігіне кірігуіне мүмкіндік беретін технология ретінде түсіндіріледі. Цифрлық технологиялардың қолданыс аясы кең - бастауыш сынып оқушыларының коммуникативтік дағдысын дамытуды жетілдіруге байланысты өзекті мәселелерді талқылауда бір мақсатқа бағытталған вебинарлар,

онлайн-семинарлар, онлайн форумдарда өз пікірлерімен бөлісіп, оны шешудің тиімді жолдарын қарастыруға және оны әлемдік тәжірибеде қолданысқа ендіруге болатыны негізге алынады.

Ақпараттық қоғамның сұранысына орай, бастауыш сынып оқушыларының жаңа білімді өздігінен меңгеруі, цифрлық бағыттағы ғылыми жобаларға ұмтылуы және жобаны орындауы, жаңа білім алуда интернет желісінің қолжетімділігін толықтай пайдалану: бейнежазбалар, цифрлы оқу контенттері және т.б. коммуникативті дағдысын дамытудың базаларын құрайтындығы айтылады. Цифрлық технологиялар оқу мазмұнына байланысты тандалады. Бұл оқытудың белсенді мазмұны идеясының дамуына жағдай жасайды, оған сәйкес мазмұнның негізгі көзі – кәсіби, коммуникативті, ұйымдастырушылық, өзін-өзі тәрбиелеу, оқытудың цифрлық технологиялары мен интербелсенді әдістерді қолданумен сипатталады.

Осындай цифрлық технологиялар тұлғаның дамуына ықпал ететін білім мазмұнының негізгі элементтеріне айналып, шығармашылық, сыни ойлау, қарым-қатынас, топтық жұмыс немесе «жоба» деген не екенін түсіндіру педагогикалық тұрғыдан «оның қалай жұмыс істейтінін» түсіну үшін оқыту технологиялары мен әдістерін қолдануды жеткілікті меңгеруі тиіс. Цифрлық технологиялар білім мазмұнын игеруде технологиялық тұрғыдан тиімді және басқа құралдар арқылы оларды меңгеруге деген ынтаны арттыруға мүмкіндік бере отырып оқушылардың коммуникативтік дағдысын дамуына ықпал етеді.

Түйін сөздер: бастауыш сынып оқушылары, цифрлық технологиялар, дағды, коммуникативті дағды, ақпараттық қоғам, аспект.

Карашева Ж.Б.,^{1} Дарибаева М.Д.,² Кожгаельдиева С.С.²*

¹ *Казахский национальный педагогический университет имени Абая,*

г. Алматы, Казахстан

² *Центрально-Азиатский инновационный университет,*

г. Шымкент, Казахстан

ПОДГОТОВКА БУДУЩИХ СПЕЦИАЛИСТОВ К ФОРМИРОВАНИЮ КОММУНИКАТИВНЫХ НАВЫКОВ МЛАДШИХ ШКОЛЬНИКОВ НА ОСНОВЕ ЦИФРОВЫХ ТЕХНОЛОГИЙ

Аннотация

Данная статья расскажет о проблеме подготовки будущих специалистов к формированию коммуникативных навыков младших школьников на основе цифровых технологий. Цифровые технологии требуют освоения новых подходов в развитии коммуникативных навыков младших школьников. В частности, это связано с увеличением доступа организаций образования нашего государства к электронным ресурсам. Использование цифровых технологий в обучении служит основой для развития коммуникативных навыков в активном, дифференцированном усвоении учебных материалов из базы знаний.

В изученных теоретических анализах описывается, что одной из цифровых технологий являются цифровые технологии. Данная технология трактуется как технология, позволяющая интегрироваться в мировое образовательное пространство в развитии коммуникативных навыков младших школьников. Сфера применения цифровых технологий широка-при обсуждении актуальных вопросов, связанных с совершенствованием развития коммуникативных навыков учащихся начальных классов, следует исходить из того, что можно поделиться своим мнением на одноцелевых вебинарах, онлайн-семинарах, онлайн-форумах, рассмотреть эффективные пути его решения и внедрить его в мировую практику.

По требованию информационного общества отмечается, что учащиеся начальных классов самостоятельно осваивают новые знания, стремятся к научным проектам инновационной направленности и выполняют проект, в полной мере используют доступность сети интернет в получении новых знаний: видеозаписи, цифровой учебный контент и т.д. составляют базы для развития коммуникативных навыков. Инновационные технологии подбираются в зависимости от содержания обучения. Это создает условия для развития идеи активного содержания обучения, в соответствии с которым основным источником содержания является профессиональное, коммуникативное, организационное, самообразование, характеризующееся применением цифровых технологий обучения и интерактивных методов.

Такие инновационные технологии должны стать ключевыми элементами содержания образования, способствующими развитию личности, и дать понять, что такое творчество, критическое мышление, общение, командная работа или «проект». Инновационные технологии технологически эффективны в усвоении содержания образования и способствуют развитию коммуникативных навыков учащихся, позволяя повысить мотивацию к их усвоению другими средствами.

Ключевые слова: учащиеся начальных классов, инновационные технологии, навыки, коммуникативные навыки, информационное общество, аспект.

Karasheva Zh.,^{1*} Daribaeva M.,² Kozhageldieva S.²

¹ Abai Kazakh National Pedagogical University,
Almaty, Kazakhstan

² Central Asian Innovation University,
Shymkent, Kazakhstan

PREPARATION OF FUTURE SPECIALISTS FOR THE FORMATION OF COMMUNICATION SKILLS OF YOUNGER SCHOOLCHILDREN BASED ON DIGITAL TECHNOLOGIES

Abstract

This article will talk about the problem of preparing future specialists for the formation of communication skills of younger schoolchildren based on digital technologies. Digital technologies require the development of new approaches in the development of communication skills of younger schoolchildren. In particular, this is due to the increased access of educational organizations of our state to electronic resources. The use of digital technologies in education serves as the basis for the development of communication skills in the active, differentiated assimilation of educational materials from the knowledge base.

The studied theoretical analyses describe that digital technologies are one of the digital technologies. This technology is interpreted as a technology that allows integration into the global educational space in the development of communication skills of younger schoolchildren. The scope of application of digital technologies is wide -when discussing topical issues related to improving the development of communication skills of primary school students, it should be assumed that you can share your opinion at single-purpose webinars, online seminars, online forums, consider effective ways to solve it and implement it into world practice.

At the request of the information society, it is noted that primary school students independently master new knowledge, strive for digital scientific projects and carry out the project, fully use the availability of the Internet in obtaining new knowledge: video recordings, digital educational content, etc. form the basis for the development of communication skills. Digital technologies are selected depending on the content of the training. This creates conditions for the development of the idea of active learning content, according to which the main source of content is professional, communicative, organizational, self-education, characterized by the use of digital learning technologies and interactive methods.

Keywords: primary school students, digital technologies, skills, communication skills, information society, aspect.

Негізгі ережелер. Цифрлық технологияларға сұраныс бастауыш сынып оқушыларының коммуникативтік дағдысын дамытудың негізі ретінде цифрлы қоғамдағы оқушының тұлғалық дамуын құрайды. Цифрлық технологиялар арқылы бастауыш сынып оқушыларының коммуникативті дағдысын дамытудың әдіснамалық маңызын нақты диалог, ақпараттық диалог, пікірталастық диалог құрайды.

Қарастырылған зерттеулер негізінде: цифрлық технологияларлы пайдалану мүмкіндіктері, зерттеудің өзектілігі, оларды іске асыру, бастауыш сынып оқушыларының коммуникативтік дағдысын нығайту қажеттілігіне байланысты өсу тенденциясы әр түрлі болып табылады. Цифрлық қоғамды құрмай, ұлттық деңгейде жаһандық идеяларды енгізу мүмкін емес, сондықтан, әрине, цифрлық оқыту оқушылардың цифрлық қоғамда өмір сүруіне дайындығы деп түйіндейміз.

Кіріспе. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңы «Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламалары» атты 16-бапта: Бастауыш білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламалары баланың жеке басын қалыптастыруға, оның жеке қабілеттерін, оқу ісіндегі оң талпынысы мен алғырлығын: негізгі мектептің білім беру бағдарламаларын кейіннен меңгеру үшін оқудың, жазудың, есептеудің, тілдік қатынастың, шығармашылық тұрғыдан өзін-өзі көрсетудің, мінез-құлық мәдениетінің берік дағдыларын дамытуға бағытталған делінген [1].

Осыған орай, цифрлық технологияларды пайдалану бастауыш сынып оқушыларының коммуникативті дағдысын дамыту білім беру жүйесінің жаңашыл тенденцияға бет бұруына әкеп соғады. Инновацияға толы білім беру процесінде ақпарат мөлшері өте көп, бұл

ақпараттарға оқушылар жылдам қол жеткізе алады. Білім беруде қолданыстағы технологиялардың өзгеруіне байланысты білім беру процесінде оқушының рөлі туралы мәселеге соңғы жылдары аса назар аударылуда. Сонымен қатар, бұл мәселе цифрлы қоғамдағы өзгерістермен тікелей байланысты екендігі белгілі. Компьютерлік немесе цифрлық технологияларды тәжірибесі мол ұстаздың қолында қосымша құрал ретінде ғана қолдануға болады.

Қ.Тоқаев «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» тақырыбындағы Қазақстан халқына Жолдауында: қазіргі жаһанданудағы өзгерістер кезеңінде мектеп бітірушілердің білімі еңбек нарығына шыққанға дейін-ақ жеткіліксіз болуы әбден мүмкін және білім беру жүйесіне жігерлі әрі білікті мамандар қажет, –деп басымдық берді. Сонымен қатар, ұстаздарға материалдық қолдау көрсету шараларын «Цифрлы ұстаз» білім беру жобасымен толықтыруды ұсынды. Бұдан шығатын қорытынды, цифрлық технологиялар негізінде жоғары оқу орындарында болашақ мамандарға оқыту процесін жаңа форматта қолданудың әдістемесін меңгерту көзделеді.

Бастауыш білім берудің мемлекеттік ЖМС:

Бастауыш білім берудің мақсаты мынадай кең ауқымды дағдылар негіздерін меңгерген білім алушы тұлғасының үйлесімді қалыптасуы мен дамуына қолайлы білім беру кеңістігін жасау болып табылады:

- 1) білімді функционалдықпен және шығармашылықпен қолдана білу;
- 2) сын тұрғысынан ойлау;
- 3) зерттеу жұмыстарын жүргізе білу;
- 4) ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдана білу;
- 5) коммуникацияның түрлі тәсілдерін, оның ішінде тілдік дағдыларды меңгеру;

6) топпен және жеке жұмыс істеу дағдылары деп нақтылап, білім беру кеңістігін бірінші орынға қояды [2]. Яғни, коммуникациялық дағдылар мен ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдануды негізге алған. Стандартта берілген үлкен көлемді дағдылар бастауыш сынып оқушыларының коммуникативті дағдысын цифрлық технологиялар негізінде дамытуға, танымдық әрекеттерге байланысты өз білімдерін толықтыруға бағытталған болып отыр. Ендеше, цифрлық технологияларды пайдалану бастауыш сынып оқушыларының коммуникативтік дағдысын дамытудың негізі болып табылады.

Біздің ойлауымызша, цифрлық технологиялар барлық білім алушыларды, соның ішінде тұйық, өз қабілеттеріне сенімсіз, әдетте бастама көтермейтін оқушыларды оқу процесіне ынталандыруға көмектеседі. Онлайн-жүйелер ретті түрде кері байланысты, және оның ішінде оқу материалдары мен тапсырмаларының қолжетімділігі туралы білім алушылардың жауаптарын (пікірлерін) алуға мүмкіндік береді. Деректерді талдау ұстазға әр білім алушының қиындықтарын оңай әрі тез анықтауға және уақытында жәрдемдесуге, олардың бәсекеге түсетін жерлерін анықтауға, яғни әр оқушының топтық жұмысын жеңіл реттеуге мүмкіндік береді.

Көптеген зерттеулер заманауи цифрлық сөйлеу технологияларына арналған. Сөйлеуді дамыту технологиялары бойынша бастауыш сынып оқушыларының сөйлеу дамуының өзекті мәселелеріне арналған зерттеулерді Н.К. Капкайкина [3], И.Н. Мишина [4] және т. б. өз еңбектерінде қарастырған.

Коммуникативтік дағды терминін өткен ғасырдың ортасында Д.Хаймс (D. Hymes) енгізген. Оның пікірінше, коммуникативтік дағды белгілі бір білім жиынтығынан және оларды нақты жағдайда орынды пайдаланудан тұрады – деген анықтамасын ұсынады [5].

S.Greter: «Коммуникативтік дағды эмоцияларды білдіруге, мәселелерді шешуге, шешім қабылдауға, құндылықтарды сақтауға, білім мен мәдениетті таратуға қабілетті», – деп түсіндірсе [6], East M. коммуникативтік дағдыны жеке тұлғалардың контекстке сәйкесінше хабарламаларды жеткізу және қабылдау дағдылары, коммуникация студенттерге идеялар мен ойларды ауызша, жазбаша немесе вербалды емес түрде шешетүрлі контексте тұжырым-

дауға көмектеседі және де тыңдаушыларды - адресат хабарламаны дұрыс және тиімді қабылдай алады, –деп қорытынды жасаған [7].

Л.И. Пальцеваның пайымдауы бойынша, сөйлеуді сәтті дамыту шарттары және балаларда сөйлеу дағдыларын қалыптастыруды қарастырып, сөйлеуді дамытудың мағыналарын анықтау арқылы коммуникативтік дағдыға жоғары мүмкіншіліктерге ие болады. Тәжірибеге сүйене отырып, автор ауызша және жазбаша сөйлеудің тілдік ерекшеліктеріне ерекше мән береді, бұл ойлауды дамытуға, бастауыш сынып оқушыларының әлеуметтенуіне, қоршаған әлемге деген қызығушылықты дамытуға және олардың қабілеттерін толыққанды дамытуға, сондай-ақ оқушыларға ойды ұсынудың әртүрлі тәсілдерін игеруге мүмкіндік беретін жұмыс жүйесіне ықпал ететін зерделеген [8].

Оқытудың заманауи сандық технологиялары оқытудың көмекші құралы болып табылады. Олардың ішінде кіші сынып білім алушылары үшін қолдануға болатын аудиовизуалды құралдарға: оқу тапсырмаларының мазмұнына сәйкес ұсынылатын бейне бағдарламалар мен фильмдер, түрлі оқу бағдарламалары (Eduplay, ABC Pro, MemoFace, Primerchik және т.б.), Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі ұсынған электронды оқулықтар ерекше орын алады [9].

Біздің ойымызша, егер бастауыш сынып мұғалімі оқушыларға ұсынылатын тапсырмаларды цифрлық технологиялар арқылы жүзеге асырса, бастауыш сынып оқушылары оларды жетік меңгеріп, жоғары деңгейде орындап, жақсы көрсеткіштер көрсетеді деген қорытынды жасаймыз.

Қазіргі ілім беру – кіші сынып білім алушыларының сөйлеуін тиімді дамытуға мүмкіндік беретін технологияларын дамыту. Қазіргі балалар тіпті ерте жаста да озық технологияларды қолдана бастайды. Цифрлық технологиялармен жұмыс істеу тәжірибесі ерекше оқу мүмкіндіктеріне жол ашатыны сөзсіз. Екінші жағынан, білім беру элементінсіз технология балалардың оқуы мен дамуын қолдау үшін өз әлеуетін толық аша алмайды.

Материалдар мен әдістер. Зерттеу барысында теориялық әдіс қолданылды (талдау, синтез, жалпылау, жүйелеу, жіктеу, болжау). Бастауыш сынып оқушыларының сөйлеуін дамыту саласында отандық және шетелдік ғалымдар жүргізген көптеген эксперименттік зерттеулер технологияға және олардың тиімділігіне үнемі назар аударады. Бастауыш сынып оқушыларының білім беру саласында индуктивті және дедуктивті әдістерді қолданған жөн. Индуктивтілер ересек адамның түсіндірмесі арқылы білімнің тез жиналуына ықпал етеді. Сөйлеуді дамытудағы әдістердің бұл тобы сөз, сөзжасам туралы білім алуға көмектеседі, сөздік қорын алуға көмектеседі, яғни ассимиляция және байланыс. Дедуктивті әдістер бастауыш сынып оқушыларына қажетті конструкцияларды игеруге мүмкіндік беру арқылы сөйлеу, ережелерді дамыту және талдау негізінде білімді нақтылау, сөйлеу жағдайы.


Коммуникативтік дағдылар – бұл адамның басқа адамдармен өзара іс-қимыл жасау қабілеті, алынған ақпаратты нақты жеткізе отырып, сондай-ақ оны шынайы бере отырып. Бұл дағдылар қоғамда күн сайын көптеген адамдармен өзара іс-қимыл жасау қажет болғанда өте маңызды [10].

Психологтар дағдыларға қоса оқушы өз ойын дәл жеткізуге септігін тигізетін іс-қимыл, дауыс ырғағы т.б. да қолдану қажет деп есептейді. Сөйлеудің негізі ой болып табылатынын айта келе И.А. Зимняя оқушыларды әуелі қызықтыру, талпындыру арқылы ойландыруға жағдай жасау керек екендігін айтады [11]. Ол үшін түрлі таяныштар, суреттер, жағдайлар, қосымша материалдар қолданылады.

Кесте 1 – «Коммуникативтік дағды» түсінігінің контент талдауы

р/с	Ғалымдар	ойлары
1	А.А.Леонтьев [12]	жай ғана әрекет емес, қатысушылар арасындағы нақты өзара байланыс, қатысушылардың әрқайсысының тең дәрежеде белсенді жеткізушісі және өздерінің серіктестеріне иек артушы болып табылады
2	В.Г.Крысько [13]	бұл адамның адаммен өзара байланысы үдерісінде сөйлеу және сөйлеусіз құралдар көмегімен жүзеге асырылатын және танымдық, мотивациялық, эмоционалдық және қимыл-әрекет саласы
3	Е.Е.Смирнова [14]	адамның басқа адамдармен өзара байланысының ерекше формасы, олардың арасында байланыс орнату мен дамыту үдерісі, әрекеттестік нәтижесінде туындаған қажеттілік
4	Л.М.Фридман [15]	қарым-қатынасқа қатысушы адамдар өздерінің сыртқы бейнесі және жүріс-тұрысы арқылы бауыр басуға (бойы үйрену), ниет білдіруге, ойына және бір- бірін сезінуге қандай да бір мөлшерде әсер ету түрі
5	А.Қ.Рысбаева [16]	бір немесе бірнеше адамның өзара әрекеттестігін-де танымдық және эмоционалдық ақпараттарды, тәжірибені, білім, білік, дағдының алмасуы. Қарым-қатынас тұлғаның және топтың дамуы мен қалыптасуының шарты болып табылады
6	Р.С.Немов [17]	өзінің табысқа жетуіне қатысты адамдармен қарым-қатынас жасай білу іскерлігі мен дағдысы
7	М.А.Асимов [18]	интеракцияның жағымды бағытылығында, эмпатия мен өзіндік бағалау деңгейінің жоғарлығында, басқа адамға деген қарым-қатынаста өзара әрекеттесудің белсенді қатысушы ретінде, құндылық ретінде қараудан көрінеді

Қазіргі таңда бастауыш сынып оқушыларының коммуникативтік дағдылары мен біліктерін дамыту деңгейіне қойылатын талаптар өзгерді. Осы орайда, коммуникативтік құзыреттіліктің алатын орны ерекше. Ол жеке өзара қимыл әрекет жағдайларының белгілі бір шеңберінде қолайлы коммуникацияны құру үшін қажетті ішкі ресурстар жүйесі ретінде қарастырылады.



1-сурет. Коммуникативтік құзыреттілік – ішкі ресурстар жүйесі ретінде

Бастауыш білім беру деңгейіндегі оқушылардың қарым-қатынас дағдыларын жетілдіру ойын формасында жақсы жүзеге асады. Ойын формасын цифрлық технологияларды қолдана отырып жүргізу үлкен жетістіктерге жетелейді. Ойын формасы білім берудің ең үздік формаларының бірі болып табылады және коммуникативтік дағдыларды дамуында да осы ережеге бағынады. Оқушылардың қарым-қатынас дағдыларын дамыту даралығын терең зерттеу үшін Г.М. Андреева, М.Г. Елагина сияқты және өзге де әйгілі мамандардың, ұстаздар мен психолог мамандардың жұмыстарына жүгінген дұрыс. Сабақтың дискуссиялық және

рефлексиялық әдістері негізгі және жалпы орта білім беру деңгейінің оқушылар үшін тиімді болып табылады [19, 20].

Білім беру сапасын бәсекеге қабілетті оқушыларды даярлауды, нақты кәсіби және жалпы экономикалық қасиеттердің деңгейін қамтамасыз ету қабілеті бойынша білім беру жүйесінің теңдестірілген сипаттамасы ретінде қарастырған жөн, бұл бір жағынан мемлекеттік стандарттың нормативтік талаптарына сәйкес келеді, ал екінші жағынан – тұлғаның, мемлекеттің және қоғамның қажеттіліктерін оның құрамдас бөлігі тұрғысынан да, әлеуметтік маңыздылығын ескере отырып, алынған нәтижемен қанағаттандыруды қамтамасыз етеді, білімнің негізгі функциясы адамзат жинаған тәжірибені ұрпақтан-ұрпаққа беру болып табылады. Бұл жағдайда қазіргі заманның талаптарына сәйкес білім беру мазмұнын байыту маңызды міндет болып табылады. Бұл функцияны жүзеге асырудың сәттілігі білім сапасына байланысты.

Нәтижелер. Цифрлық технологияларды пайдалану бастауыш сынып оқушыларының коммуникативтік дағдысын дамытуды зерттеу аясында біз тәжірибелік-педагогикалық эксперимент жүргіздік. Төменде зерттеу сипаттамалары мен оны анықтау кезеңінің нәтижелері ұсынылады.

Біздің эксперименттік зерттеу объектіміз цифрлық технологияларды пайдалану бастауыш сынып оқушыларының коммуникативтік дағдысын дамыту үдерісі болып саналады.

Бастауыш білімгерлердің коммуникативтік дағдысын дамытуды зерделеу кезінде диагностиканың келесідей негізгі талаптарын басшылыққа аламыз:

1. Бастауыш сынып оқушыларының коммуникативтік дағдысын дамытуда цифрлық технологияларды пайдалану ерекшеліктерін анықтауға бағытталуы керек.

2. Бастауыш сынып оқушыларының коммуникативтік дағдысын дамыту алынған нәтижелерді орташа шамамен салыстыру арқылы ғана емес, бастауыш сынып оқушыларының цифрлық технологияларды пайдалана білу қабілеттерін анықтау мақсатында нәтижелерді алдыңғы диагностикалардың нәтижелерімен салыстыру арқылы жүргізу.

3. Бастауыш сынып оқушыларының коммуникативтік дағдысын дамытуды диагностикалау тек өзекті деңгейді анықтау үшін ғана емес, сонымен қатар жетілдірудің мүмкін болатын жеке жолдарын анықтау үшін қажет.

Тәжірибелік – педагогикалық зерттеу Алматы қаласы, Абай атындағы ҚазҰПУ мен Алматы университетінің, Педагогика және психология институты бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі мамандықтарының студенттері (барлығы 102 студент) базасында жүргізілді. Олар эксперименттік және бақылау топтары болып бөлінді.

Эксперименттік жұмыстың анықтау кезеңінің барысы. Эксперименттік жұмыстың анықтау кезеңі цифрлық технологияларды пайдалану бастауыш сынып оқушыларының коммуникативтік дағдысын дамытуды қалыптастырудың бастапқы деңгейін анықтаудан тұрады.

Бұл кезең таңдалған критерийлер мен көрсеткіштер цифрлық технологияларды пайдалану бастауыш сынып оқушыларының коммуникативтік дағдысын дамытуды қалыптастырудың бастапқы деңгейін диагностикалау әдістемелерін таңдауды және әзірлеуді қамтыды. Диагностикалық процедуралар ретінде мыналар қолданылады:

– «Болашақ бастауыш сынып мұғалімінің Цифрлық сауаттылығы» авторлық сауалнамасы;

– Абрахам Маслоудың – «Өзін-өзі дамыту мүмкіндіктерін бағалау» тесті.

Біз мазмұнға сәйкес, сауалнама бойынша «Болашақ бастауыш сынып мұғалімінің Цифрлық сауаттылығына» байланысты таным деңгейлерін анықтаумен қатар, өзін-өзі дамытуға деген қажеттіліктерді жүзеге асыру диагностикасы, өзін-өзі дамыту мүмкіндіктерін бағалауға арналған сауалнамалар жүргіздік.

«Болашақ бастауыш сынып мұғалімінің Цифрлық сауаттылығы» сауалнамаға 102 студент қатынасты. Сауалнама 15 сұрақтан және кез - келген сұрақ үш жауаптан тұрады. Жауаптар 1,2,3 деңгейлерімен бағаланады. Мысалы, 1-13 балл жинағандар – «төмен», 14-17 балл

жинаған студент цифрлық сауаттылық танымы «орта» деген, ал 40-42 балл жинаған студент «жоғары» деген деңгейге ие болады.

Кесте 1 - Цифрлық сауаттылығын анықтау қорытындысының көрсеткіштері

топтар	Цифрлық сауаттылық танымы жоғары (иә)		Цифрлық сауаттылық танымы орта (жауап беруге қиын)		Цифрлық сауаттылық танымы төмен (жоқ)	
	п	%	п	%	п	%
БТ (50)	13	29.09	16	30,09	21	40
ЭТ (52)	13	26,3	17	31,5	22	42,1
	26	55.39	35	62.4	46	82.1

Сауалнамаға қатынасқан «Болашақ бастауыш сынып мұғалімінің Цифрлық сауаттылығы» атты сауалнамаға 102 студенттің 50- і БТ, ал 52-і ЭТ болып қатынасты. Бұлардың БТ бойынша жауап беруге қиналғандар - 16 студент, бұл 30,9% - «орташа» көрсеткіште болса, ал ЭТ-да бұл шкала бойынша 17 студент, бұл дегеніміз 31,5%-дық көрсеткішті көрсетіп отыр. Жоғары деңгейіндегі көрсеткіштер – БТ-13, 29,09%- ды құрап отыр, ал ЭТ-да 13 студент, ол 26,3%- «жоғары» деген нәтиже береді. Ал үшінші деңгейі БТ-да 21 студент «төмен» болады, бұл - 40%- «өте жоғары» деңгейіндегі көрсеткішті құрап отыр. Ал, ЭТ бойынша 42,1% - «төмен», деңгейлеріне ие болады, сандық – 22 студентті құрайды.

Айқындаушы эксперименттің келесі кезеңде Абрахам Маслоудың «Өзін-өзі дамыту мүмкіндіктерін бағалау» тесті қолданылды. Бұл тест бойынша айқындаушы эксперименттен алынған орта арифметикалық көрсеткіштер 2 -кестеде көрсетілген (кесте 2).

Кесте 12 - Өзін-өзі танытудың параметрлерінің орташа арифметикалық көрсеткіштері

Эксперимент түрлері	Өзін-өзі дамыту параметрлері							
	Құндылықтық бағдарлар	Мінез-құлық икемділігі	Өзіне сензитивтілік	Спонтандылық	Ақпаратты қабылдау	Қарым-қатынас	танымды қажеттіліктер	Креативтілік
Айқындаушы (БТ)	5,5	5,2	4,7	4,5	4,9	4,4	4,4	2,7
Айқындаушы (ЭТ)	3,5	4,2	3,7	2,5	3,9	2,4	3,4	3,6

Біз бұл тестінің өз зерттеу мақсатымызға негіздей отырып, Болашақ кіші сынып мұғалімінің Цифрлық сауаттылығын анықтауда өзін-өзі танытуға болатын кәсіби мәнді қасиеттері деңгейінің ерекшеліктерін анықтайтын 8 шкаласы – құндылықтық бағдарлар, мінез-құлық икемділігі, сензитивтілік, спонтандылық, ақпаратты қабылдау, қарым-қатынас, танымдық қажеттіліктер мен креативтілік шкалалары бойынша зерттеу жүргіздік.

А.Маслоудың «Өзін-өзі дамыту мүмкіндіктерін бағалау» тесті бойынша алынған нәтижелерге негізделе отырып, біз зерттелуші бақылау және эксперимент тобы студенттерінің айқындаушы экспериментте анықталған өзін-өзі дамыту деңгейінің пайыздық мөлшерін таптық. Біз ең алдымен бақылау топ студенттерінен алынған эмперикалық мәліметтерінің қорытындыларын келесі кестеде ұсынамыз (кесте 3)

Кесте 3 - Айқындаушы экспериментте бақылау тобы (50) студенттерінен алынған А.Маслоудың - «Өзін-өзі дамыту мүмкіндіктерін бағалау» тесті

шкалалар	Деңгейі					
	жоғары		орташа		төмен	
	Зертт-р саны (50)	%	Зертт-р саны	%	Зертт-р саны	%
1. Мотивациялық құндылықтық бағдарлар	12	24	17	34	21	42
2. Мінез-құлық икемділігі	11	22	13	26	26	52
3. Өзіне сензитивтілік	15	30	16	32	19	38
4. Спонтандылық	9	18	11	22	30	60
5. Ақпаратты қабылдау	14	28	16	32	20	40
6. Қарым-қатынас	10	20	15	30	25	50
7. Танымдық қажеттіліктер	11	22	15	30	24	48
8. Креативтілік	10	20	21	42	19	38

Кесте 4 - Айқындаушы эксперимент

шкалалар	Деңгейі					
	жоғары		орташа		төмен	
	Зертт-р саны (52)	%	Зертт-р саны	%	Зертт-р саны	%
1. Мотивациялық құндылықтық бағдарлар	8	15	20	38	24	47
2. Мінез-құлық икемділігі	9	17	13	25	30	58
3. Өзіне сензитивтілік	14	27	17	33	21	40
4. Спонтандылық	14	27	18	35	20	38
5. Ақпаратты қабылдау	12	23	12	23	28	54
6. Қарым-қатынас	11	22	20	38	21	40
7. Танымдық қажеттіліктер	4	8	16	30	32	62
8. Креативтілік	10	18	11	22	31	60

Жалпы қорыта айтқанда, айқындаушы экспериментте алынған алғашқы тәжірибелік мәліметтерді интерпретациялау кезеңінде алынған көрсеткіштер бойынша бақылау және эксперименттік топтарда болашақ мамандарды кіші сынып оқушыларының коммуникативтік дағдыларын цифрлық технологиялар негізінде қалыптастыруға болатын кәсіби мәнді қасиеттерінің әлі де болса қалыптаспай тұрғанын көрсетті.

Біз, ҚЭ барысында өзіміздің әдістемелік кешенді бағдарламасын жүзеге асырдық. Олар:

- «Цифрлық сауаттылық негіздері» тақырыбында арнайы курс бағдарламасы;
- «Т 4» платформасы.

«Т 4» платформасы мақсаты: болашақ мамандарды бастауыш сынып оқушыларының коммуникативтік дағдыларын цифрлық технологиялар барысында қажетті білім, білік, дағдыларын қалыптастыру.

«Т 4» платформасы міндеттері:

– Қазіргі әлемнің даму кезеңіндегі әлеуметтік сұранысына сай бастауыш сыныптар ұстаздың кәсіби дайындығының сапалық деңгейін көтеру болып табылады.

– білім алушылардың ақпараттық мәдениетін және алгоритмдік ойлауын қалыптастырудың барысы мен оның нәтижелерін зерттеу.


Бастауыш сынып оқушыларының коммуникативтік дағдысын дамытуда – түсіндіруге (Т1), түрлендіруге (Т2), тексеруге (Т3), топтастыруға (Т4) қажетті онлайн платформаларын қолдануға болады.

Т1 – түсіндіру: жаңа материалды түсіндіру кезеңі. Жаңа оқу материалын оқып-үйрену сабағы.

Т1 – Түсіндіруге қажетті онлайн платформалар: презентация, инфографика, бейнежазба, ақыл-ой картасы, сайт, блок-сызба, постер т.б. -- Сөйлесім әрекеттер – Тілдік бағдар.




2- сурет. Т1 – Түсіндіруге қажетті онлайн платформалар



3- сурет. Т1 – бойынша жұмыс үлгілері

Т2 – Түрлендіру. Білімдерді, іскерліктерді, дағдыларды жетілдіру сабағы. Бекіту және қайталау мақсатымен жаттығу жүргізу.

Т2 – Түрлендіруге қажетті онлайн платформалар: тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым, геймификация т.б.




Joyteka

Learning apps

4- сурет. T2 – бойынша жұмыс үлгілері

T3 – Тексеру. Оқушылардың білімін тексеру мен бағалау. Үйге берілген тапсырманы тексеру, бүкіл сынып оқушыларының білімдерін жаппай тексеру (бақылау).


T3 – Тексеруге қажетті онлайн платформалар: цифрлық кері байланыс, бағалау, QR.



Zipgrade

Mentimeter


5- сурет. T3 – бойынша жұмыс үлгілері



6- сурет. T3 – бойынша жұмыс үлгілері

T4 – Топтастыру. Білімді қорыту және жүйелеу сабақтары. Сабақ жоспарын бір арнаға топтастыру

T4 – Топтастыруға қажетті онлайн платформалар: флипбук, онлайн тақта, электронды оқулық, сайт.



7- сурет. T4 – бойынша жұмыс үлгілері

Нәтижелерд мен талдау. Жетекші аналитикалық компаниялардың мәліметтері бойынша, интернетте 4 миллиардқа жуық белсенді қолданушылар және миллиардтан астам веб-сайттар бар. Бір жағынан, бұл адамдарды жақындастырады және ашық қарым-қатынасқа ықпал етеді, білім қол жетімді болады. Екінші жағынан, философтар, әлеуметтанушылар және саясаттанушылар инновациялық гаджеттер мен технологиялардың теріс әсерін бар деп тұжырым жасайды.

Осы тенденцияларды ескере отырып, біз антропологиялық апаттың жай-күйі идеясымен толық келісеміз, ал оқиғалардың мазмұны, жылдамдығы және өтімділігі адамға басқалармен коммуникацияға түсуге мүмкіндік береді [21].

Мұндай жағдайларда «коммуникация – бұл уақытпен, шартты, ішінара бірге өмір сүрудің құралы». Заманның қажеттіліктерін қанағаттандыруға, өзекті болуға деген ұмтылыс

қоғамды бірде-бір оқушының тыныштықта болмайтын желілік жүйеге айналдырады; демек, әлеуметтік құрылым уақытша, виртуалды болады.

Цифрлық технология: білім компьютерлік технологиялардың арқасында тезірек таралады. Бұл процесс іргелі зерттеулерде де, қолданбалы зерттеулерде басым ғылыми қызметті қамтиды [22].

Зерттеу мәселесі тұрғысынан жүргізілген тәжірибелік-эксперименттік тапсырмалардың қорытындыларын сипаттап өтсек.

Кесте 5 - Цифрлық сауаттылық деңгейі

компоненттер	Экспериментке дейін (50)			Эксперименттен кейін		
	ж	о	т	ж	о	т
Мотивациялық	14 (28%)	16 (32%)	20 (40%)	14 (28%)	16 (32%)	20 (40%)
Танымдық	12 (24%)	16 (32%)	22 (44%)	13 (26%)	15 (30%)	22 (44%)
Процессуалдық	7 (14%)	20 (40%)	23 (46%)	8 (16%)	22 (44%)	20 (40%)

Кесте 6 - Қалыптастырушы эксперимент көрсеткіші

компоненттер	Экспериментке дейін (52)			Эксперименттен кейін		
	ж	о	т	ж	о	т
Мотивациялық	14 (27%)	17 (33%)	21 (40%)	24 (46%)	18 (35%)	10 (19%)
Танымдық	15 (29%)	16 (31%)	21 (40%)	23 (44%)	20 (38%)	9 (18%)
Процессуалдық	10 (19%)	20 (38.5%)	22 (42.5%)	15 (28%)	28 (54%)	9 (18%)

Кесте 7 – Маслоудың эксперимент көрсеткіш нәтижесі

шкалалар	Экспериментке дейін (50)			Эксперименттен кейін		
	ж	о	т	ж	о	т
1 Мотивациялық құндылықтық бағдарлар	12	17	21	12	17	21
2. Мінез-құлық икемділігі	11	13	26	11	13	26
3. Өзіне сензитивтілік	15	16	19	15	16	19
4. Спонтандылық	9	11	30	9	11	30
5. Ақпаратты қабылдау	14	16	20	14	16	20
6. Қарым-қатынас	10	15	25	10	15	25
7. Танымдық қажеттіліктер	11	15	24	11	15	24
8. Креативтілік	10	21	19	10	21	19

Кесте 8 – Абрахам Маслоудың дейінгі және кейінгі нәтижелерінің пайыздық көрсеткіштері

шкалалар	Экспериментке дейін (52)			Эксперименттен кейін		
	ж	о	т	ж	о	т
1. Мотивациялық құндылықтық бағдарлар	8	20	24	21	22	3
2. Мінез-құлық икемділігі	9	13	30	20	17	15
3. Өзіне сензитивтілік	14	17	21	22	21	9
4. Спонтандылық	14	18	20	21	24	7
5. Ақпаратты қабылдау	12	12	28	23	15	14
6. Қарым-қатынас	11	20	21	19	25	8
7. Танымдық қажеттіліктер	4	16	32	12	24	16
8. Креативтілік	10	11	31	23	22	7

Қорытынды. Осы зерттеу жұмысында ұсынылған сауалнамалардың нәтижелеріне сүйене отырып, оның салдары туралы бірнеше алдын-ала ойлар келтірілген. Бұл тұжырымдар осы зерттеуді іс жүзінде жүзеге асырады және болашақ мамандарды бастауыш сынып оқушыларының коммуникативтік дағдыларын цифрлық технологиялар негізінде қалыптастыруға даярлаудағы рөлін анықтауға, сондай-ақ жақсартуға және цифрлық технологиялар арқылы балалардың коммуникативтік дағдыларын жақсарту мақсатында оң өзара әрекеттесуге көмектеседі.

Бұл біздің жарияланымның мазмұнын анықтаған жоғарыда аталған факторлар. Қазірдің өзінде бар ғылыми жетістіктердің ауқымдылығына қарамастан, болашақта цифрлық технологияны меңгеруде білім беру стратегиясын пысықтау маңызды, бұл болашақта Қазақстандық білім саласының қажеттіліктеріне сәйкес бастауыш сынып оқушыларының коммуникативтік дағдыларының болуына мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Білім туралы. Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі N 319 Заңы. (қаралған күні 20.11.2023) https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319_
2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығына 2-қосымша. Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. <https://adilet.zan.kz/kaz/archive/docs/V1800017669/31.10.2018>.
3. Капкайкина Н.К. Словарно - орфографическая работа на уроках русского языка в начальных классах // Актуальные проблемы гуманитарных и естественных наук. – 2015. – № 2-2. – С. 98-101.
4. Мишина И.Н., Коростелева Е.Ю. Дидактические средства формирования умений и навыков по развитию речи младших школьников // Вектор науки Тольяттинского государственного университета. Серия: Педагогика, психология. 2012. №4. С. 196-198.
5. Зимняя И.А. (1982), Психологические аспекты обучения говорению на иностранном языке в школе. – М.: Высшая школа, –200 с.
6. Hymes D.H. (1972) “On Communicative Competence” In: J.B. Pride and J. Holmes (eds) Sociolinguistics. Selected Readings. Harmondsworth: Penguin, pp. 269-293. (Part 2)
7. Greter, S., & Yadav, A. (2016). Computational thinking and media & information literacy: An integrated approach to teaching twenty first century skills. TechTrends · June 2016. DOI: 10.1007/s11528-016-0098-4 510-516. <https://www.researchgate.net/publication/304001335>
8. East, M. (2015). Taking communication to task again: What difference does a decade make? The Language Learning Journal, 43 (1), hlm. 1-12
9. Пальцева Л.И. Развитие речи и формирование речевых умений и навыков в начальной школе. Азимут научных исследований: педагогика и психология. 2014. № 4. С.92-98.
10. Оспанбекова М.Н., Турикпенова С.Ж., Исакова Л.М. Болашақ бастауыш сынып мамандарын шығармашылық жұмыстарды аудиовизуалды оқу материалдары негізінде ұйымдастыруға даярлау // Абай атындағы ҚазҰПУ-ң ХАБАРШЫСЫ. «Педагогика ғылымдары» сериясы, №4(80), 2023ж.

11. Білім алушылардың коммуникативтік дағдыларын қалыптастыру үшін оқытудың тиімді әдістерін қолдану бойынша әдістемелік ұсынымдар – Нұр-Сұлтан: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2020. – 272 б.
12. Леонтьев А.А. Педагогическое общение. – М. - Начальник: Эльфа, 1996. – 94 с.
13. Крысько, В. Г. Психология и педагогика : учебник для бакалавров / В.Г.Крысько. -Москва : Издательство Юрайт, 2015. — 471 с.
14. Смирнова Е. Роль формирования коммуникативных умений в профессиональной подготовке будущих специалистов. Известия Российского государственного педагогического университета им. А.И. Герцена. 2007;(30):89-96.
15. Фридман Л . М ., Кулагина И.Ю. Психологический справочник учителя . 2-е изд. | Кулагина И.Ю., Фридман Л.М.1998
16. Рысбаева А.К. Методология развития успешности деятельности как категории педагогики: автореф. ... докт. пед. наук.: 13.00.01. – Алматы, 2004. – 38 с.
17. Немов Р.С., Алтунина И.Р. Социальная психология: Учебное пособие. -Издательство: Питер, 201
18. Асимов М.А. Коммуникативтік дағдылар [Текст]:оқулық / М.А.Асимов, С.А.Нұрмағамбетова, Ю. В. Игнатъев. - Алматы : Эверо, 2009. - 176 б.
19. Андреева Г.М. Общение и оптимизация совместной деятельности. Под редакцией Андреевой Г.М.- М.: 1987.- 297 с.
20. Елагина М.Г. Развитие личности на ранних этапах детства. // Н.Н.Авдеева, М.Г.Елагина, С.Ю.Меццержакова. М., 1990.
21. Духон А.Б., Зиньковский К.В., Образцовой О.И., Чепуренко А.Ю. Влияние программ предпринимательского образования на развитие малого бизнеса в России: опыт эмпирического анализа в региональном контексте // Вопросы образования. 2018. № 2. С. 139-172. Б01: 10.17323/1814-9545-2018-2-139-172.
22. Ильяшенко С.Н. Применение методов и инструментов маркетинга в управлении знаниями // Маркетинг и менеджмент инноваций. 2016. № 2. С. 13-23

Reference:

1. Bilim turaly. Qazaqstan Respublikasynyñ 2007 jylǵy 27 şildedeǵı N 319 Zańy.(qaralǵan kúni 20.11.2023) https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319_
2. Qazaqstan Respublikasy Bilim jáne ǵylym ministriniñ 2018 jylǵy 31 qazandaǵy № 604 búiryǵyna 2-qosymşa. Bastauyş bilim berudiñ memleketтік jalpyǵa mindetti standarty. <https://adilet.zan.kz/kaz/archive/docs/V1800017669/31.10.2018.>
3. Kapkaikina N.K. Clovarno - orfograficheskaia rabota na urokah ruskogo iazyka v nachälnyh klasah//Aktuälnye problemy gumanitarnyh i estestvennyh nauk. – 2015. – № 2-2. – S. 98-101.
4. Mişina İ.N., Korosteleva E.İu. Didakticheskie sredstva formirovania umeni i navykov po razvitiu rechi mladşih şkölnikov // Vektor nauki Tölätinskiego gosudarstvennogo universiteta. Seria: Pedagogika, psihologia. 2012. № 4. S.196-198.
5. Zimnaya I.A. (1982), Psychological aspects of learning to speak foreign languages at school. – М.: Higher School,-200 s
6. Hymes D.H. (1972) “On Communicative Competence” In: J.B. Pride and J. Holmes (eds) Sociolinguistics. Selected Readings. Harmondsworth: Penguin, pp. 269-293. (Part 2)
7. Greter, S., & Yadav, A. (2016). Computational thinking and media & information literacy: An integrated approach to teaching twenty first century skills. TechTrends · June 2016. DOI: 10.1007/s11528-016-0098-4 510-516. <https://www.researchgate.net/publication/304001335>
8. East, M. (2015). Taking communication to task again: What difference does a decade make? The Language Learning Journal, 43 (1), hlm. 1-12
9. Pälseva L.İ. Razvitie rechi i formirovanie rechevyh umeni i navykov v nachälnoi şcole. Azimut nauchnyh issledovani: pedagogika i psihologia. 2014. № 4. S.92-98.
10. Ospanbekova M.N., Turikpenova S.J., İskakova L.M. Bolaşaq bastauyş synyp mamandaryn şyǵarmaşylyq jümystardy audiovizualdy oqu materialdary negizinde üiymdastyruǵa daiarlaw // Abai atyndaǵy QazÜPU-ñ HABARŞYSY. «Pedagogika ǵylymdary» seriasy, №4(80), 2023j.
11. Bilim aluşylardyñ komunikativтік daǵdylaryn qalyptastyru üşin oqytudyñ tiimdi ädisterin qoldanu boiynşa ädistemelik üsynymdar – Nür-Sultan: Y. Altynsarin atyndaǵy ÜBA, 2020. – 272 b.
12. Leontev A.A. Pedagogicheskoe obşenie. – М. - Nachälnik: Elfa, 1996. – 94 s.
13. Krysko, V. G. Psihologia i pedagogika : uchebnik dlä bakalavrov / V.G.Krysko. -Moskva : İzdatelstvo İurait, 2015. – 471 s.
14. Smirnova E. Röl formirovania komunikativnyh umeni v profesionälnoi podgotovke buduşih specialistov. İzvestia Rosiskogo gosudarstvennogo pedagogicheskogo universiteta im. A.İ. Gersena. 2007; (30):89-96.
15. Fridman L . M ., Kulagina İ.İu. Psihologicheski spravochnik uchitelä . 2-е izd. | Kulagina İ.İu., Fridman L – M.1998

16. Rysbaeva A.K. Metodologia razvitiia uspeşnosti deiatelnosti kak kategorii pedagogiki: avtoref... dokt. ped. nauk.: 13.00.01. – Almaty, 2004. – 38 s.
17. Nemov R.S., Altunina İ.R. Sosiálnaia psihologija: Uchebnoe posobie. -Izdatelstvo: Piter, 201
18. Asimov M.A. Komunikativtik dağdylar [Teks]: oqulyq / M.A.Asimov, S.A.Nürmağambetova, İu. V. İgnatev. - Almaty : Evero, 2009. - 176 b.
19. Andreeva G.M. Obşenie i optimizasia sovместnoi deiatelnosti. Pod redaktsiei Andreevoi G.M.- M.: 1987.- 297 s.
20. Elagina M.G. Razvitie lichnosti na rannih etapah detstva. // N.H.Avdeeva, M.G.Elagina, S.İu.Meşeräkova. M., 1990.
21. Duhon A.B., Zinkovskim K.V., Obrazsovoi O.İ., Chepurenko A.İu. Vlianie program predprinimatelskogo obrazovania na razvitie malogo biznesa v Rosii: opyt empiricheskogo analiza v regionálnom kontekste // Voprosy obrazovania. 2018. № 2. S. 139-172. B01: 10.17323/1814-9545-2018-2-139-172.
22. İlāşenko S.N. Primenenie metodov i instrumentov marketiİna v upravlenii znaniami // Marketiİ i menejment innovasi. 2016. № 2. S. 13-23

МРНТИ 14.35.07

<https://doi.org/10.51889/2959-5762.2024.82.2.019>

Жунисбаева А.С.^{1*}, Бегалиева С.Б.,¹ Федорченко Л.А.²

¹Казахский национальный университет имени Аль-Фараби
г. Алматы, Казахстан

²Западно-Казахстанский университет им.М.Утемисова
г.Уральск, Казахстан

КРИТЕРИИ, ПОКАЗАТЕЛИ И УРОВНИ СФОРМИРОВАННОСТИ ЦИФРОВОЙ КОМПЕТЕНЦИИ УЧИТЕЛЯ

Аннотация

Настоящее исследование посвящено проблеме определения критериев оценки цифровой компетенции педагога в аспекте цифровизации образовательного процесса. Проведен контент анализ зарубежного научно-методического дискурса по проблеме исследования с целью анализа опыта создания диагностических рамок, определяющих уровень сформированности цифровой компетенции учителя. Структурирована терминология, определяющая навыки владения цифровым инструментарием и использования компьютера и сети Интернета в образовании и самообразовании учителя. Дано определение понятию «цифровая компетенция учителя». Проанализированы профили цифровых компетенций, принятые Европейской комиссией по обеспечению качества образования Digital Competence of Educators (DigCompEdu). Рассмотрен инструмент оценки цифровой компетенции учителя DIGIGLO, состоящий из 29 пунктов и учитывающий внешние факторы, не включенные в DigCompEdu, разработанный коллективом испанских ученых (университет Севильи). На основании зарубежного опыта предложен инструментарий для выявления уровня и критериев оценки цифровой компетенции учителя с учетом региональных факторов. Представлен перечень практических кейсов, направленных на решение реальных образовательных и профессиональных ситуаций применения цифровых инструментов и технологий в преподавании дисциплин. Для самодиагностики цифровых компетенций предложен опрос в тестовой форме, каждый блок которого соответствует определенной области компетенций, соответствующих мировым стандартам определения цифровых компетенций.

Ключевые слова: цифровая компетенция учителя, профиль цифровых компетенций, профессиональная компетенция, диагностика, критерии сформированности, цифровизация образования.